

Иондаушы сәулелену көздерін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 қыркүйек N 1353

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыс, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Туркиш Петролеум Интернешнл Компани Лимитед" компаниясына (Қазақстан Республикасының аумағында Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр даңғылы, 46 мекен жайы бойынша филиалы бар) "Туркиш Петролеум Корпорейшэн (ТРАО)" (Түркия, Анкара қаласы) компаниясы мен "Туркиш Петролеум Интернешнл Компани Лимитед" компаниясының Қазақстан Республикасындағы филиалы арасында жасалған 2000 жылғы 23 маусымдағы келісім-шартқа сәйкес қосымшада көрсетілген 13 иондаушы сәулелену көзін (СЭҚ ТН коды 2844) Түркиядан Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Туркиш Петролеум Интернешнл Компани Лимитед" компаниясына иондаушы сәулелену көздерін әкелуге лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен өнімге жоғарыда көрсетілген өнімге кедендік бақылау жасауды және оның кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
7 қыркүйектегі N 1353
қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасына әкелінетін иондаушы сәулелену көздерінің
тізбесі

N	Атауы	Белсенділігі	Саны (дана)
		4	
1	Радий - 226 (Ra 226)	74x10 Бк	1
		10	
2	Цезий - 137 (Cs 137)	7.4x10 Бк	1
		4	
3	Цезий - 137 (Cs 137)	22.2x10 Бк	1
		7	
4	Цезий - 137 (Cs 137)	1.11x10 Бк	1
		7	
5	Америций 241 берилдік (Am241Be)	85.1x10 Бк	1
		7	
6	Америций 241 берилдік (Am241Be)	2035x10 Бк	1
		10	
7	Америций 241 берилдік (Am241Be)	74x10 Бк	1
		7	
8	Америций 241 Цезий-137 (Cs 137) (Am241Be)	2120x10 Бк/ 1.132 x 10 Бк	1

9	Торий - 232 (Th 232)	74x10 Бк	1
		4	
10	Торий - 232 (Th 232)	0,63x10 Бк	1
		4	
11	Уран 238 (U 238)	0.85x10 Бк	1
		4	
12	К 40	6.3x10 Бк	1
		4	
13	К-U-Th	7.4x10 Бк	1
	Барлығы		13

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.